

140000, Павлодар қ., Лермонтов көш., 44

140000, г.Павлодар, ул.Лермонтова 44

БҰЙРЫҚ

№ 105/56

ПРИКАЗ

2017 ж. «22» қыркүйек

«22» сентябрь 2017 г.

**«Педагогикалық бастамалар»
жобаларының облыстық
қорғауын өткізу туралы**

Білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығының жұмыс жоспары негізінде және шығармашылықпен жұмыс жасайтын ұстаздар мен білім беру мекемелері басшыларының озық педагогикалық тәжірибесін анықтау, жинақтау мен тарату мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Педагогикалық бастамалар» жобаларының облыстық Қорғауы өткізілсін (1-қосымша).

2. Аудандық (қалалық) білім беру басшылары, мамандандырылған мектеп директорлары «Педагогикалық бастамалар» жобаларының Қорғауына қатысуды қамтамасыз етсін.

3. Конкурстың өткізілу мерзімдері анықталсын:

Бірінші кезең – іріктеу (сараптамалық): **2017 жылғы 17-18 қазанның** аралығында.

Екінші кезең – қорғау: **2017 жылғы 09 қарашада.**

4. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің басшылары, мамандандырылған мектеп директорлары **2017 жылғы 13 қазанға дейін** I кезеңге қатысу туралы өтінімді (1-қосымша) екі тілде (2,3-қосымша) жіберсін.

5. «Білім беруді дамытудың Инновациялық орталығы» КММ басшысының орынбасары Н.С.Жантурина:

- «Педагогикалық бастамалар» жобаларының облыстық Қорғауын мектебінде өткізу үшін жағдайлар қамтамасыз етсін;

- Ұйымдастыру комитеті, сараптау комитеті және қазылар алқасының құрамы бекітілсін (4,5,6 - қосымша).

6. Аталған бұйрықтың орындалуын бақылау басшысының орынбасары Н.С. Жантуринаға жүктелсін.



С. Слямова

Бұйрықпен таныстым: _____
(күні,колы)